АР Ж.Е., ЖАПАРОВА М.С., ШЕВЧУК Е.П. , ХАМИТЖАНОВА А.К
РАХАДИЛОВ Б.Қ.

# ИЗИКА ПӘНІН CLIL ӘДІСІМЕН ОҚЫТУ АРЫСЫНДА ҚАЖЕТТІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР ЖИНАҒЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

**Ж.Е.Қошқар., М.С.Жапарова.,**
**Е.П. Шевчук, А.К.Хамитжанова., Б.Қ.Рахадилов**

# ФИЗИКА ПӘНІН CLIL ӘДІСІМЕН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ҚАЖЕТТІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР ЖИНАҒЫ

Өскемен, 2019 ж.

ӘОЖ 531 (075.8)
Т 34

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылған № 4 хаттама, «17» 04 2019 ж.

**Пікір жазғандар:**
**Ташкенбаева С.Ж.**, педагогика ғылымдарының кандидаты,
С.Аманжолов атындағы ШҚМУ;
**Баятанова Л.Б.**, Энергетика факультетінің **PhD докторы**
Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ
**Байдилдина А.Т.**, Энергетика факультетінің **PhD докторы**
Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ

**Қошқар Ж.Е., Жапарова М.С., Шевчук Е.П., Хамитжанова А.К., Рахадилов Б.Қ.**
**Физика пәнін CLIL әдісімен оқыту барысында қажетті терминдер мен анықтамалар жинағы** / Қошқар Ж.Е., Жапарова М.С., Хамитжанова А.К., Рахадилов Б.Қ.
Өскемен: «ШҚБК АРГО» баспасы, 2019 ж. – 105 б.

Ұсынылып отырған оқу құралымыз физика сабағында CLIL әдісін қолданып оқытуда жалпы білім беретін орта мектептерде физика пәніне ағылшын тілін кіріктіріп оқытуда кездесетін қажетті терминдер мен анықтамалар қарастырылады. Ұсынылып отырған оқу құралымыз физика сабағынан беретін мектеп мұғалімдері мен оқушыларына арналған. Мұғалімдердің оқушыларға тақырыптарды жеңіл түсіндіруі мен оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру, сонымен қатар есте сақтау қабілеттерін арттыруға бағытталған.

**ӘОЖ 531(075.8)**

ЖШС «ШҚБК АРГО»
Қошқар Ж.Е., Жапарова М.С., Шевчук Е.П., Хамитжанова А.К.,Рахадилов Б.Қ.



Педагогикалық жүйе әр тарихи кезеңде елеулі өзгерістерге ұшырайды. Сонымен қатар, әр кезеңдерде қоғамның дамуына байланысты түрліше жаңа стратегиялар мен педагогикалық жаңа технологиялар енгізіліп отырады. Заман талабына сай білім алушыларға сапалы білім алуына, олардың дайындығына назар аудары қажет.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін, оның ішінде жалпы орта білім беруді жетілдіру бойынша кең көлемді іс-шаралар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға мемлекеттік бағдарламасының» басты мақсаттарының бірі жалпы орта білім берудің мазмұнын жаңарту болып табылады. Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамыту бағдарламасын әзірлеуді және жүзеге асыруды талап етеді. Мұндай бағдарламалардың бірі - «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы». Аталған бағдарламаны орындаудың негізгі жолдарының бірі пәнді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) және тілді кіріктіріп оқыту бойынша оқу-әдістемелік құрал әзірлеу болып саналады.

Пәндік-тілдік кіріктіріп оқытуды қолдану арқылы бір мезетте екі пәнді бірдей оқытуға мүмкіндік береді.

Білім беру мазмұнын жаңарту мақсатында оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдіс-тәсілдері мен түрлерін, сондай-ақ түрлі пәндерде кіріктіріп оқыту сабақтарын қолдану талап етеді. Сондықтан білім берудің жаңа педагогикалық технологиясы пайда болуда, олардың бірі – CLIL пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту технологиясы.

CLIL ағылшын тілін оқытуда жаңа бағыт болып табылады, онда мектеп пәндері шет тілдерінде оқытылады. Термин «Content and Language Integrated Learning» болып жіктеледі және «пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту» деп аударылады.

CLIL технологиялары шет тілін өзге де пәндермен байланыстырып оқытудың оқытуда қажетті құралы ретінде қарастырады. Яғни тілді жетік меңгеру кез келген пән арқылы жүргізіледі де, CLIL шет тілі сабағы емес, шет тілін араластырып өтетін пән сабағы болып табылады.

Бірақ өкінішке орай мақсат қойылғанымен, ағылшын тілінде оқыта алатын мұғалімдер саны жетіспеуде.

Ұсынылып отырған бұл оқу-әдістемелік құрал мұғалімдердің сабақ өту барысында кездесетін мәселелерді оңай шешуге жағдай жасайды.

Оқу материалдарының мазмұнына сәйкес жаңа оқу ақпаратын құру және жаңа технологиялармен оқу-әдістемелікті жасау кіріктіріп оқытудың мәселесінің негізгі өзектілігін айқындайды. Бұл оқу-әдістемелік құралда терминдер, олардың анықтамалары, тұрақты шамалар, олардың белгіленуі, физиканың 5 бөлімінен тұратын есептер және қысқа мерзімді жоспар ҚМЖ үлгі ретінде ұсынылады.

# МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| Кіріспе | | 3 |
| 1 | 7-сынып оқушылары үшін физика бойынша терминология | 4 |
| 2 | 8-сынып оқушылары үшін физика бойынша терминология | 8 |
| 3 | 9-сынып оқушылары үшін физика бойынша терминология | 17 |
| 4 | 10-сынып оқушылары үшін физика бойынша терминология | 23 |
| 5 | 11-сынып оқушылары үшін физика бойынша терминология | 31 |
| 6 | Жалпы физика курсындағы глоссарий | 39 |
| 7 | Тұрақты шамалар | 79 |
| 8 | Механика бөліміне арналған есептер | 85 |
| 9 | Молекула бөліміне арналған есептер | 89 |
| 10 | Электр және магнитизм бөліміне арналған есептер | 91 |
| 11 | Кванттық физикаға арналған есептер | 94 |
| 12 | Оптика бөліміне арналған есептер | 96 |
| 13 | Физика пәніне үлгі ретіндегі қысқа мерзімді жоспар | 98 |
| Әдебиеттер тізімі | | 104 |